

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі депутаттарының қызметін қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 24 маусым 1994 ж. N 262-ө<*> ЕСКЕРТУ. Премьер-министрінің 1994.11.11. N 454-ө өкімін қарау кажет. ~R940454

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі депутаттарының қызметін қамтамасыз ету туралы" Жоғарғы Кеңестің 1994 жылғы 26 сәуірдегі қаулысына байланысты:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттарын қызмет пәтерлерімен қамтамасыз ету үшін "Самал-2" шағын ауданында Ауыл шаруашылығы министрлігі салып жатқан 36 пәтерлі екі үйді (16, 17 бос алаңдар) және Университет көшесі 40-үйдегі "Агроөнеркәсіпэнерго" акционерлік қоғамының 96 пәтерлі тұрғын үйін Алматы қалалық әкімшілігіне беру туралы Алматы қаласы мен облысы әкімшіліктерінің ұсынысы қабылдансын.

2. Алматы қаласының әкімі:

аталған тұрғын үйлердің құрылысын 1994 жылы аяқтасын;

"Самал-2" шағын ауданындағы тұрғын үйлер пайдалануға қосылған соң оларды Жоғарғы Кеңес Аппаратының қаржы-шаруашылық ісі басқармасының балансына берсін;

Университет көшесі, 40-тұрғын үйдегі пәтерлердің келісілген мөлшерін Жоғарғы Кеңестің қаржы-шаруашылық іс басқармасының балансына берсін;

аталған үйлердің құрылысына қатысқан үлес қосушы кәсіпорындармен және ұйымдармен пәтерлерді өзара қарызға бөлісу жөнінде шарттар жасайтын болсын.

3. "Мамыр-7" шағын ауданындағы тұрғын үйлерді (187, 188, 189 бос алаңдар) олардың құрылысы аяқталған соң Жоғарғы Кеңестің депутаттарын қызмет пәтерлерімен қамтамасыз ету үшін Алматы қаласының әкімі Жоғарғы Кеңес Аппаратының қаржы-шаруашылық іс басқармасының балансына беретіні еске алынсын

4. Алматы қаласының әкіміне:

жоғарыда аталған құрылыс салушыларға құрылыс барысында жұмсалған қаражаттың толық орнын толтыру, Алматы қаласында жаппай үй салынып жатқан ауданнан пәтерлерді ішінара қайтару түрінде өтем жасау жөніндегі есеп-қисапты 7 күн мерзім ішінде Қаржы министрлігіне түсіру тапсырылсын.

5. Көлік және коммуникациялар министрлігі Жоғарғы Кеңес депутаттарының республика шегінде көліктің барлық түрімен, сондай-ақ мемлекеттік қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тегін жүруін қамтамасыз етсін.

6. Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі Қазақстан

Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттары және олардың зайыптарына (жұбайларына) емдеу мен санитарлық-курорттық қызмет көрсетуді Үкімет мүшелеріне белгіленген жағдайда қамтамасыз етсін.

7. Қаржы министрлігі республикалық бюджетті қараған кезде Жоғарғы Кеңесті ұстауға қажетті қаражат бөлу туралы ұсыныс енгізсін.

8. Жергілікті әкімдер Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі депутаттарының жер-жерде өз өкілеттігін орындауына, соның ішінде автокөлік берілуіне жәрдем көрсетсін.

Премьер-министр